

 Евразийский Банк	ПР	1-бет
	Клиент-заңды тұлғалардың ағымдағы шоттарын ашу, жүргізу және жабу бойынша нұсқаулық	

№6 қосымша

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БЕЙРЕЗИДЕНТТЕРІ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ
АҒЫМДАҒЫ ШОТ АШУ ҮШІН
ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАРДЫҢ
ТІЗБЕСІ**

Қазақстан Республикасының бейрезиденттері - заңды тұлғалар ағымдағы шот ашу үшін Банкке келесі құжаттарды ұсынады.

1. Қазақстан Республикасының бейрезиденттері - заңды тұлғалар мен олардың оқшауланған бөлімшелері (филиалдар мен өкілдіктер):

- ағымдағы шот ашуға өтініш;
- қол қою үлгілері бар құжат¹ 2 (екі) данада, оны сенімхат негізінде Банктің уәкілеттік берілген тұлғасы куәландырады немесе клиенттің қалауы бойынша нотариат куәландырады;
- сауда тізілімінен үзіндінің түпнұсқасы немесе нотариат куәландырған көшірмесі не бейрезидент- заңды тұлғаны тіркеген орган, тіркеу нөмірі, тіркеу күні мен орны туралы ақпаратты қамтитын, белгіленген тәртіппен мемлекеттік немесе орыс тіліндегі аудармасымен куәландырылған ұқсас сипаттағы, және қажет болған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе қатысушыларының бірі Қазақстан Республикасы болып табылатын халықаралық шартқа сәйкес заңдастырылған не апостильденген басқа құжат;

- қол қою үлгілері мен мөр бедері бар құжатқа сәйкес клиенттің банктік шотын жүргізуге (банк шотындағы ақшаға иелік етуге) байланысты операциялар жүргізу кезінде төлем құжаттарына қол қоюға уәкілетті тұлғаның (тұлғалардың) жеке басын куәландыратын құжаттың (-тардың) көшірмесі.

- Банкпен өзара қарым-қатынаста Клиенттің атынан өкілдік ететін Клиенттің уәкілетті тұлғалары қол қойған дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім;

- Банктің талап етуі бойынша:
 - ✓ құрылтайшы құжаттар;
 - ✓ заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) тізілімінен үзінді көшірме;
 - ✓ заңды тұлға құрылтайшыларының (қатысушыларының) жеке басын куәландыратын не мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өту фактісін растайтын құжаттар (олар бойынша заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) тізілімінен үзінді көшірме берілген құрылтайшылардың (қатысушылардың) құжаттарын қоспағанда);
 - ✓ заңды тұлғаның бенефициарлық меншік иелерінің жеке басын куәландыратын құжаттар (бенефициарлық меншік иесі заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) болып табылатын және акционерлер (қатысушылар) тізілімінен үзінді көшірме негізінде анықталған жағдайларды қоспағанда);

Қазақстан Республикасының бейрезидент-заңды тұлғаларының филиалдары мен өкілдіктері, қосымша:

- есептік тіркеуден (қайта тіркеуден) өту фактісін растайтын, уәкілетті орган берген белгіленген нысандағы құжат не оның көшірмесі;

- тиісті филиал немесе өкілдік туралы ереженің мемлекеттік тілде және/немесе орыс тілінде орындалған және нотариат куәландырған көшірмесі;

- Қазақстан Республикасының бейрезидент-заңды тұлғасы берген филиалдың немесе өкілдік басшысының сенімхатының көшірмесі.

шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғалар, қосымша:

- Хаттама немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғаның уәкілетті органының осыған ұқсас басқа құжаты. Шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғада хаттама немесе уәкілетті органның осыған ұқсас басқа құжаты болмаған жағдайда, клиенттен шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғаның Өтінішін (Нұсқаулыққа №10 қосымша) қабылдау қажет.

Инвестициялық шығындардың өтемақысын есепке алу үшін ағымдағы шот ашылған жағдайда, клиент ақшалай талапты беріп қаржыландыру шартын, концессия шартын және (немесе) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын қосымша ұсынады.

1—жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғалар қол қою үлгілері мен мөр бедері бар құжатты ұсынады;

жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бейрезидент-заңды тұлғалары, мұндай заңды тұлғалардың шыққан елі заңнамасының ерекшелігі салдарынан мөрі жоқ олардың филиалдары мен өкілдіктері қол қою үлгілері бар құжатты мөрсіз ұсынады.

2. Сауалнама КЖҚ/ТҚ Ережелеріне қосымшаларға сәйкес. (№ 9, 9-1 қосымшалар).